

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
«Alikhan Bokeihan University» ББ

«Информатика және робототехника мұғалімдеріне арналған спорттық робототехника бойынша олимпиадаларға оқушыларды даярлаудың практикалық әдістемесі» педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының жобасына

САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ (екінші қайтара сараптама)

«Alikhan Bokeikhan University» ББ мекемесі ұсынған «Информатика және робототехника мұғалімдеріне арналған спорттық робототехника бойынша олимпиадаларға оқушыларды даярлаудың практикалық әдістемесі» педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына алғашқы сараптамада берілген ескертулер қарастырылған және түзетілген.

Бағдарлама құрылымында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына» (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес «Жалпы ережелер», «Глоссарий», «Бағдарлама Тақырыбы», «Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері», «Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны», «Оқу процесін ұйымдастыру», «Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету», «Оқу нәтижелерін бағалау», «Курстан кейінгі қолдау», «Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі» бөлімдерінің барлығы қамтылған.

«Жалпы ережелер» бөлімінде ұсынылып отырған білім беру бағдарламасының өзектілігі мен қажеттілігі ашылмаған, оның жалпы мемлекеттік басымдықтар мен әлемдік трендтермен байланысы ашып көрсетілген, бірақ спорттық робототехника олимпиадаларына оқушыларды даярлау әдістемесіне деген педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктері мен сұраныстарының сапалы және сандық көрсеткіштермен расталған талдауы жасалмаған.

«Глоссарий» бөлімі бағдарламада қолданылған терминдер туралы толық ақпарат бере алады.

Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес "Бағдарлама тақырыбы" бөлімінде Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде аналогтардың бар/жоқтығын талдау сипатталуы қажет еді, бірақ

авторлар, бұл туралы ақпаратты «Түсіндірме жазба» бөлімінде ұсынған. Бұл бағдарламаның Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2024 жылы келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізіміне енгізілген «Робототехника және STEM-білім беру» (04.01.2024) және «Формирование профессиональных компетенций преподавателей в области образовательной и спортивной робототехники» (23.02.2024), бағдарламаларынан өзгешелігі де «Түсіндірме жазбада» берілген.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері нақты, өзара байланыста және деңгейлі түрде анықталған, Қағида талаптарына сәйкес келеді.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны 10 модульден тұрады. Модульдердің мазмұны нақты және олимпиада есептерін шығаруда қолданылатын бірқатар дәстүрлі алгоритмдер мен есептерді қамтиды. Қағида талаптарына сай жазылған.

"Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету" бөліміндегі оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістерін, дидактикалық ұсыныстарды әлі де болса жетілдіруге болар еді.

Қорытынды:

«Информатика және робототехника мұғалімдеріне арналған спорттық робототехника бойынша олимпиадаларға оқушыларды даярлаудың практикалық әдістемесі» педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы келісу үшін ұсынуға болады.

Хаттама 27 14.06.2024